

Қостанай облысы Рудный қаласының Горняцк кентінің жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізудің және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көшелер тұрғындары өкілдерінің санын айқындаудың тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2022 жылғы 6 желтоқсандағы № 162 шешімі. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 193 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 31.12.2024 № 193 шешімімен (қабылданған күннен бастап қолданысқа енгізіледі)

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына және "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес, Рудный қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қостанай облысы Рудный қаласының Горняцк кентінің жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізудің және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көшелер тұрғындары өкілдерінің санын айқындаудың тәртібі осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қостанай облысы Рудный қаласының Горняцк кентінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көшелер тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат хатшысы

С. Байғужин

Мәслихаттың

2022 жылғы 6 желтоқсандағы

№ 162 шешіміне

1-қосымша

Қостанай облысы Рудный қаласының Горняцк кентінің жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізудің және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл , көшелер тұрғындары өкілдерінің санын айқындаудың тәртібі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қостанай облысы Рудный қаласының Горняцк кентінің жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізудің және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көшелер тұрғындары өкілдерінің санын айқындаудың тәртібі (бұдан әрі - тәртіп) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес әзірленді және Қостанай облысы Рудный қаласының Горняцк кенті мен Перцев ауылының ауыл, көшелер тұрғындарының жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Осы тәртіпте мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны – ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

2-тарау. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін Горняцк кенті мен Перцев ауылының аумағы учаскелерге (ауыл, көшелер) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын ауылдар, көшелер тұрғындары сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Горняцк кентінің әкімі шақырады және ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы Горняцк кентінің әкімі бұқаралық ақпарат құралдары, жергілікті атқарушы органдардың ресми интернет ресурстары және әлеуметтік желілер арқылы олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабарлайды.

7. Ауыл, көшелер шегінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуді Горняцк кентінің әкімі ұйымдастырады.

Көше шегінде көппәтерлі үйлер болған жағдайда, көппәтерлі үйдің бөлек жиындары өткізілмейді.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының ашылуы алдында тиісті ауылдың, көшенің қатысып отырған, оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда, көшеде тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

Жергілікті қоғамдастық жиыны мен жергілікті қоғамдастық жиналысына кәмелетке толмаған адамдардың, сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың қатысуға құқығы жоқ.

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Горняцк кентінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Горняцк кентінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыс берумен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Рудный қалалық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жергілікті қоғамдастық жиынына қатысушылар ұсынады.

11. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп даусын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және қол қойылған күннен бастап Горняцк кенті әкімінің аппаратына беріледі.

Мәслихаттың
2022 жылғы 6 желтоқсандағы
№ 162 шешіміне
2-қосымша

Қостанай облысы Рудный қаласының Горняцк кентінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көшелер тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

№	Ауылдың, көшелердің атауы	Ауыл, көше (адам) тұрғындары өкілдерінің саны
1	Горняцк кенті	
	Академик Сәтпаев көшесі	1
	Галюченко көшесі	1
	Геологоразведчиков көшесі	1
	Дошанов көшесі	1
	Мичурин көшесі	1

	Озерная көшесі	1
	Партизанская көшесі	1
	Сергей Лазо көшесі	1
	Энтузиастов көшесі	1
2	Перцев ауылы	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК